

## Субсидиялар нормативтерін бекіту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 73 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 19 ақпанда № 3070 болып тіркелді

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 18 ақпандағы № 103 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қауылысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың және қойдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативтері осы қаулының 1-қосымшасына;

жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру қызметін жеткізушілерге қойылатын өлшемдер мен талаптар осы қаулының 2-қосымшасына;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін осы қаулының 3, 4-қосымшаларына сәйкес.

2. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Көшкімбаев Айтбай) субсидиялауды қаржыландыруды жергілікті бюджеттен жүзеге асырсын.

3. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне осы қаулын аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін, облыс әкімдігі сайтында ресми орналастыруын және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбекұлы Досымбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы  
облысының әкімі  
"КЕЛІСІЛДІ"

А. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы "10"  
ақпан № 73 қаулысымен бекітілген 1 қосымша

### **Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге 2015 жылға арналған субсидиялар нормативтері**

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеу	бас	2800

### **Жеке қосалқы шаруашылықтарда қойлардың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге 2015 жылға арналған субсидиялар нормативтері**

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Жеке қосалқы шаруашылықтарда қойлардың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеу	бас	854

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы "10"  
ақпан № 73 қаулысымен бекітілген 2 қосымша

### **Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың және қойдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет жеткізушілерге қойылатын 2015 жылға арналған өлшемдер мен талаптар**

1. Жеке қосалқы шаруашылықтарындағы ірі қара малдың және қойлардың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсету жөніндегі шарттың түпнұсқасы мен көшірмесі.

2. Жеке қосалқы шаруашылықтарындағы ірі қара малдың және қойлардың бір аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсету жөніндегі шығындарды есептеу анықтамасы.

3. Ұрықтандырылған ірі қара малдың және қойлардың аналық мал басын ұрықтандыру туралы актінің және тексеру жүргізу актісінің түпнұсқалары мен көшірмелері.

4. Отандық асылдандыру орталығынан ірі қара малының аналық мал басына (

асылдандыру орталықтарына таратылмайды) ұрықты сатып алуға шарттың түпнұсқасы мен көшірмесі.

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы "10" ақпан № 73 қаулысымен бекітілген 3 қосымша

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері (теңге)	Субсидияланатын көлем (бас)	Субсидия сомасы (мың теңге)
<b>Ірі қара мал шаруашылығы</b>					
	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	2800	147 500	413 000,0
<b>Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы</b>					
<b>1. Асыл тұқымды және селекциялық жұмысты жүргізу</b>					
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы	бас	18 000	79 000	1 422 000,0
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000	16 500	330 000,0
3)	жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	бас	104 000	121	12 584,0
<b>2. Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу</b>					
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	2 300	354 200,0
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан және Канададан)	бас	200 000	2 791	558 200,0
<b>Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы</b>					
<b>1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу</b>					
1)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000	5 000	100 000,0
<b>Қой шаруашылығы</b>					
<b>1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу</b>					
1)	Тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы	бас	1 500	250 000	375 000,0
2.	Асыл тұқымды тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	бас	8 000	6 720	53 760,0
3	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	854	250 000	213 500,0
<b>2. Асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу</b>					
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан, Канададан)	бас	235 000	981	230 535,0
	Асыл тұқымды жылқы сатып алу	бас	40 000	150	6 000,0
	Барлығы				4 068 779,0

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы "Субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" № 73 қаулысымен бекітілген № 4 қосымша

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері	Субсидияланатын көлем	Субсидия сомасы
---	--------------------	-------	--	-----------------------	-----------------

	бірлігі	(теңге)	(бас)	(мың теңге)
3. Сиыр етін өндіру үшін мал азығы құнын арзандату			3 950,0	625 500,0
1) 1-деңгей	кг	300	400,0	120 000,0
2) 2-деңгей	кг	170	2 150,0	365 500,0
3) 3-деңгей	кг	100	1 400,0	140 000,0
Бұқашықтарды субсидиялаудың 1 деңгейіндегі бордақылау алаңдарына немесе өткізу			бас	24000
			3 000,0	72 000,0
3. Сүт өндіру үшін мал азығы құнын арзандату			32 870,0	661 200,0
1) 1-деңгей	кг	25	22 000,0	550 000,0
2) 2-деңгей	кг	15	500,0	7 500,0
3) 3-деңгей	кг	10	10 370,0	103 700,0
Етті бағыттағы құс шаруашылығы				
2. Құс етін өндіру үшін азық құнын арзандату			55 100,0	3 825 800,0
1) 1-деңгей	кг	70	47 300,0	3 311 000,0
2) 2-деңгей	кг	66	7 800,0	514 800,0
Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы				
2. Тағамдық жұмыртқа өндіру үшін азық құнын арзандату			526 682,7	1 533 712,0
1) 1-деңгей	дана	3	410 842,7	1 232 528,0
2) 2-деңгей	дана	2,6	115 840,0	301 184,0
Шошқа шаруашылығы				
2.	Шошқа етін өндіруге арналған азық құнын арзандату	кг	98	5 436,0
				532 728,0
3. Мыналарды өндіру үшін азық құнын арзандату:				
1) қой еті				
1-деңгей	кг	200	100,0	20 000,0
2-деңгей	кг	100	125,03	12 503,0
2) биязы жүн	кг	130	937,0	121 810,0
3. Мыналарды өндіру үшін азық құнын арзандату:				
1) жылқы еті	кг	92	475,0	43 700,00
2) қымыз	кг	60	1 700,0	1 02 000,00
3. Түйе шаруашылығында өндіру үшін азық құнын арзандату:				
1) түйе еті	кг	90	150,0	13 500,0
2) шұбат	кг	55	700,0	38 500,0
Барлығы				7 602 953,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК